

Қызмет көрсетуіне жасалған келісімшарт

Орал қаласы

05» ақпан 2016 ж.

Бұдан әрі «**1-Тарап**» деп аталатын «Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті» жеке жоғары кәсіптік білім беру мекемесі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректор Шәкешев Бекболат Теміржанұлы және екінші жағынан бұдан әрі «**2-Тарап**» деп аталатын «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының «Батыс Қазақстан облысы бойынша «Кәсіби даму институты» филиалы атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директоры Измуханбетова Софья Салахиденқызы, бірлесіп «**Тараптар**» деп атала отырып, төмендегі мазмұнда осы Келісімшартқа қол қойды:

1 Келісімшарт нысаны

1.1 Осы Келісімшарттың мәні кітапханалық және ақпараттық ресурстардың білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамына қолжетімділігін кеңейту мақсатындағы кітапхана саласындағы тараптар арасындағы ынтымақтастық болып табылады.

1.2 Тараптар кітапханалық және ақпараттық ресурстардың білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында кітапхананың қорында бар әдебиеттерді пайдалануға және иелену құқығына мүмкіндік жасау, бірлескен іс-шараларды іске асыру.

2 Тараптардың міндеттемелері мен жауапкершілігі

2.1 Тараптардың пайдаланушыларын (профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларды) негізгі кітапханалық-ақпараттық қызметтермен тегін қамтамасыз ету:

2.1.1 Тараптардың пайдаланушыларын (профессор-оқытушылар құрамы және білім алушылар) Тараптардың кітапханаларында қабылданған кітапханалық-ақпараттық қызметтерді пайдалану ережелері мен тәртібімен таныстыру;

2.1.2 Тараптардың пайдаланушыларына каталогтар, картотекалар жүйесі және кітапханалық ақпараттандырудың басқа да нысандары арқылы кітапхана қорларының құрамы туралы толық ақпарат беру;

2.1.3 Тараптардың пайдаланушыларына оқу залдарында және абонементтерде кітапхана қорының құжаттарын уақытша пайдалануға беру. Абонементтерде әдебиеттерді пайдалану мерзімі Тараптардың ішкі нормативтік құжаттарына және белгіленген оқу процесінің кестесіне байланысты;

2.1.4 Кітапхана қорының баспа туындылары мен басқа да құжаттарын іздеуде және тандауда Тараптардың пайдаланушыларына консультациялық көмек көрсету;

2.1.5 Тараптардың пайдаланушыларына (оқырмандары үшін) кітапханада орнатылған дербес компьютерлерді ұсыну;

2.1.6 Тараптардың пайдаланушыларына оқу залдарында ұйымдастырылған жергілікті және қашықтағы электрондық ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік беру.

3 Пайдаланушылардың міндеттемелері мен жауапкершілігі

3.1 Кітапхана қорларын пайдалану кезінде авторлық құқық жөніндегі заңнама талаптарын сақтау, материалды тек оқу және ғылыми мақсаттарда пайдалану; материалды коммерциялық немесе өзге де таратуды жүзеге асырмау.

3.2 Тараптар ұсынған материалға, мүлікке және жабдыққа ұқыпты қарау.

3.3 Кітапхана қорының материалын жоғалған немесе бүлінген жағдайда оларды тең деп танылғандармен ауыстыру немесе сол уақыттағы нарықтық құнын толық өтеу.

3.4 Алынған материалды кітапхана қорына уақтылы қайтару.

3.5 ЖОО-дан шыққан немесе ұзақ уақыт болмаған кезде (оқудан шығару, академиялық демалыс, жұмыстан шығару, ұзақ мерзімді іссапарға шығу және т.б.) кітапхана қорына оның атында тұрған материалды қайтарып беру.

4 Материал беруді тіркеу және есепке алу тәртібі

4.1 Материал беруді тіркеу және есепке алу Тараптардың кітапханаларында қабылданған кітапханалық-ақпараттық қызметтерді пайдалану ережелері мен тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Дауларды шешу тәртібі

5.1. Осы Шарт бойынша туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер жолымен шешуге міндеттенеді.

5.2. Тараптар шартты орындауға немесе түсіндіруге қатысты туындауы мүмкін мәселелер шеңберінде кеңестер өткізе алады.

6. Шарттың қолданылу мерзімі

6.1. Шарт мемлекеттік (қазақ) тілде, екі данада әр Тарап үшін бір данадан жасалды.

6.2. Осы Шарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл бойы әрекет етеді. Егер Тараптардың ешқайсысы осы Шартты бұзуға ниет білдірмесе және бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарламаса, осы Шарт келесі 5 (бес) жылға ұзартылады.

7 Қорытынды ережелер

7.1 Тараптардың бірлескен іс-шараларды (бағдарламаларды), сондай-ақ осы Келісім шеңберіндегі басқа да міндеттемелерді іске асыру жөніндегі қаржылық өзара қарым-қатынастары осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша шарттарда (келісімдерде) айқындалатын болады.

7.2 Осы бірлескен қызмет туралы шартта көзделмеген басқа да мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

7.3 Осы Шартқа Тараптар тараптардың өзара келісімі бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізе алады.

8 Келісімшартқа отырушы тараптардың деректемесі

«Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті» ЖМЖКББМ

090000, Қазақстан Республикасы,
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы,
Н.Назарбаев даңғылы, 208.
+7 (7112) 509990
e-mail: reception@wkitu.kz
www.wkitu.kz



Б.Т. Шакешев

Өрлеу» БАҰО АҚ
«БҚО бойынша КДИ» филиалы

090000, Қазақстан Республикасы,
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы,
Абай даңғылы, 238/2



С.С. Измуханбетова